

ISSN 2518-170X (Online),
ISSN 2224-5278 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Л А Р Ы

ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

NEWS

OF THE ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ГЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
СЕРИЯСЫ



СЕРИЯ
ГЕОЛОГИИ И ТЕХНИЧЕСКИХ НАУК



SERIES
OF GEOLOGY AND TECHNICAL SCIENCES

6 (426)

ҚАРАША – ЖЕЛТОҚСАН 2017 ж.
НОЯБРЬ – ДЕКАБРЬ 2017 г.
NOVEMBER – DECEMBER 2017

ЖУРНАЛ 1940 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ЖУРНАЛ ИЗДАЕТСЯ С 1940 г.
THE JOURNAL WAS FOUNDED IN 1940.

ЖЫЛЫНА 6 РЕТ ШЫҒАДЫ
ВЫХОДИТ 6 РАЗ В ГОД
PUBLISHED 6 TIMES A YEAR

АЛМАТЫ, ҚР ҰҒА
АЛМАТЫ, НАН РК
ALMATY, NAS RK

Б а с р е д а к т о р ы

э. ғ. д., профессор, ҚР ҰҒА академигі

И.К. Бейсембетов

Бас редакторының орынбасары

Жолтаев Г.Ж. проф., геол.-мин. ғ. докторы

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

Абаканов Т.Д. проф. (Қазақстан)
Абишева З.С. проф., академик (Қазақстан)
Агабеков В.Е. академик (Беларусь)
Алиев Т. проф., академик (Әзірбайжан)
Бакиров А.Б. проф., (Қырғыстан)
Беспәев Х.А. проф. (Қазақстан)
Бишимбаев В.К. проф., академик (Қазақстан)
Буктуков Н.С. проф., академик (Қазақстан)
Булат А.Ф. проф., академик (Украина)
Ганиев И.Н. проф., академик (Тәжікстан)
Грэвис Р.М. проф. (АҚШ)
Ерғалиев Г.К. проф., академик (Қазақстан)
Жуков Н.М. проф. (Қазақстан)
Кенжалиев Б.К. проф. (Қазақстан)
Қожахметов С.М. проф., академик (Қазақстан)
Конторович А.Э. проф., академик (Ресей)
Курскеев А.К. проф., академик (Қазақстан)
Курчавов А.М. проф., (Ресей)
Медеу А.Р. проф., академик (Қазақстан)
Мұхамеджанов М.А. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Нигматова С.А. проф. (Қазақстан)
Оздоев С.М. проф., академик (Қазақстан)
Постолатий В. проф., академик (Молдова)
Ракишев Б.Р. проф., академик (Қазақстан)
Сейтов Н.С. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Сейтмуратова Э.Ю. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Степанец В.Г. проф., (Германия)
Хамфери Дж.Д. проф. (АҚШ)
Штейнер М. проф. (Германия)

«ҚР ҰҒА Хабарлары. Геология мен техникалық ғылымдар сериясы».

ISSN 2518-170X (Online),

ISSN 2224-5278 (Print)

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.).

Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде 30.04.2010 ж. берілген №10892-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18,
<http://nauka-nanrk.kz/geology-technical.kz>

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2017

Редакцияның Қазақстан, 050010, Алматы қ., Қабанбай батыра көш., 69а.

мекенжайы: Қ. И. Сәтбаев атындағы геология ғылымдар институты, 334 бөлме. Тел.: 291-59-38.

Типографияның мекенжайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Муратбаева көш., 75.

Г л а в н ы й р е д а к т о р
д. э. н., профессор, академик НАН РК

И. К. Бейсембетов

Заместитель главного редактора

Жолтаев Г.Ж. проф., доктор геол.-мин. наук

Р е д а к ц и о н н а я к о л л е г и я:

Абаканов Т.Д. проф. (Казахстан)
Абишева З.С. проф., академик (Казахстан)
Агабеков В.Е. академик (Беларусь)
Алиев Т. проф., академик (Азербайджан)
Бакиров А.Б. проф., (Кыргызстан)
Беспаяев Х.А. проф. (Казахстан)
Бишимбаев В.К. проф., академик (Казахстан)
Буктуков Н.С. проф., академик (Казахстан)
Булат А.Ф. проф., академик (Украина)
Ганиев И.Н. проф., академик (Таджикистан)
Грэвис Р.М. проф. (США)
Ергалиев Г.К. проф., академик (Казахстан)
Жуков Н.М. проф. (Казахстан)
Кенжалиев Б.К. проф. (Казахстан)
Кожамметов С.М. проф., академик (Казахстан)
Конторович А.Э. проф., академик (Россия)
Курскеев А.К. проф., академик (Казахстан)
Курчавов А.М. проф., (Россия)
Медеу А.Р. проф., академик (Казахстан)
Мухамеджанов М.А. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Нигматова С.А. проф. (Казахстан)
Оздоев С.М. проф., академик (Казахстан)
Постолатий В. проф., академик (Молдова)
Ракишев Б.Р. проф., академик (Казахстан)
Сейтов Н.С. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Сейтмуратова Э.Ю. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Степанец В.Г. проф., (Германия)
Хамфери Дж.Д. проф. (США)
Штейнер М. проф. (Германия)

«Известия НАН РК. Серия геологии и технических наук».

ISSN 2518-170X (Online),

ISSN 2224-5278 (Print)

Собственник: Республиканское общественное объединение «Национальная академия наук Республики Казахстан (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан №10892-Ж, выданное 30.04.2010 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 300 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18,
<http://nauka-nanrk.kz/geology-technical.kz>

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2017

Адрес редакции: Казахстан, 050010, г. Алматы, ул. Кабанбай батыра, 69а.

Институт геологических наук им. К. И. Сатпаева, комната 334. Тел.: 291-59-38.

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

E d i t o r i n c h i e f

doctor of Economics, professor, academician of NAS RK

I. K. Beisembetov

Deputy editor in chief

Zholtayev G.Zh. prof., dr. geol-min. sc.

E d i t o r i a l b o a r d:

Abakanov T.D. prof. (Kazakhstan)
Abisheva Z.S. prof., academician (Kazakhstan)
Agabekov V.Ye. academician (Belarus)
Aliyev T. prof., academician (Azerbaijan)
Bakirov A.B. prof., (Kyrgyzstan)
Bespayev Kh.A. prof. (Kazakhstan)
Bishimbayev V.K. prof., academician (Kazakhstan)
Buktukov N.S. prof., academician (Kazakhstan)
Bulat A.F. prof., academician (Ukraine)
Ganiyev I.N. prof., academician (Tadjikistan)
Gravis R.M. prof. (USA)
Yergaliev G.K. prof., academician (Kazakhstan)
Zhukov N.M. prof. (Kazakhstan)
Kenzhaliyev B.K. prof. (Kazakhstan)
Kozhakhmetov S.M. prof., academician (Kazakhstan)
Kontorovich A.Ye. prof., academician (Russia)
Kurskeyev A.K. prof., academician (Kazakhstan)
Kurchavov A.M. prof., (Russia)
Medeu A.R. prof., academician (Kazakhstan)
Muhamedzhanov M.A. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Nigmatova S.A. prof. (Kazakhstan)
Ozdoev S.M. prof., academician (Kazakhstan)
Postolatii V. prof., academician (Moldova)
Rakishev B.R. prof., academician (Kazakhstan)
Seitov N.S. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Seitmuratova Ye.U. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Stepanets V.G. prof., (Germany)
Humphery G.D. prof. (USA)
Steiner M. prof. (Germany)

News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of geology and technology sciences.

ISSN 2518-170X (Online),

ISSN 2224-5278 (Print)

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of information and archives of the Ministry of culture and information of the Republic of Kazakhstan N 10892-Ж, issued 30.04.2010

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 300 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,
<http://nauka-nanrk.kz/geology-technical.kz>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2017

Editorial address: Institute of Geological Sciences named after K.I. Satpayev
69a, Kabanbai batyr str., of. 334, Almaty, 050010, Kazakhstan, tel.: 291-59-38.

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF GEOLOGY AND TECHNICAL SCIENCES

ISSN 2224-5278

Volume 6, Number 426 (2017), 98 – 106

Ya. Arystanbaev, L. M. Kazanbaeva, A. A. Nurgazieva, I. K. Rahmetov, A. A. Absemetova

Ahmadsafin Institute of Hydrogeology and Environmental Geoscience, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: lyazzat-kazanbaeva@mail.ru

**ANALYSIS OF THE USE OF GROUND WATER
IN ARID REGIONS OF KAZAKHSTAN IN TERMS
OF CLIMATE CHANGE AND RISING WATER CONSUMPTION
AND METHODS OF THEIR FOR ARTIFICIAL RECHARGE**

Abstract. The article deals with water problems of arid regions of Kazakhstan and rational use of underground water resources, the main source of drinking water supply for the population. In the conditions of climate change and growth of water consumption, ways and methods of their natural and artificial replenishment have been determined.

In connection with the global warming of the Earth, there is currently a review of available climate data for different continents and regions of the planet in order to identify trends of change, including in Central Asia (CA). What are the current trends in climate change on our planet in general and Central Asia in particular. So far there is no unanimous opinion, since too many factors must be taken into account.

In general, the opinion on further warming prevails. However, the observations for the period 1911–1930 testify to a short-term cooling, and then the mean temperature continued to increase.

Over the past 100 years (1901–2000), the global surface air temperature of the Northern Hemisphere has increased by $0,6 \pm 0,2^{\circ}\text{C}$. Warming in the XX century was the largest in the last millennium, as evidenced by an increase in the level of the world's ocean by 10–20 cm, mainly due to thermal expansion and melting of sea ice.

An important component of the Earth's water resources are groundwater. However, until now, long-term forecasts of changes in the conditions for the formation of the latter have not been properly influenced. What are the current trends in climate change in the world in general and in Central Asia in particular. Among climatologists and meteorologists, there is no unanimous opinion. There are too many factors to consider. In general, the opinion on further warming prevails.

Keywords: underground waters, climate change, water consumption, artificial replenishment, aquifer, infiltration, injection.

УДК.556.332.63

Я. У. Арыстанбаев, Л. М. Казанбаева, А. А. Нургазиева, И. К. Рахметов, А. Е. Абсеметова

У. М. Ахмедсафин атындағы Гидрогеология және геоэкология институты, Алматы, Қазақстан

**БОЛАШАҚТА ЖАҒАНДЫ КЛИМАТТЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ
ӘСЕРІНЕН БОЛАТЫН АУЫЗСУ ТАПШЫЛЫҒЫН ЖОЮ
(БОЛДЫРМАУ) МАҚСАТЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ҚҰРҒАҚ АУДАНДАРЫНДАҒЫ ЖЕР АСТЫ
СУЛАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫН ТАЛДАУ**

Аннотация. Климаттың жағандық жылынуына байланысты өзгеру үрдістерін, оның ішінде Орталық Азиядағы (ОА) үрдістерді анықтау мақсатында әртүрлі континенттер және ғаламшардың өңірлері бойынша климаттық мәліметтерді қайта қарастыру жүріп жатыр. Жалпы біздің ғаламшарымыздағы, жеке алғанда ОА

климаттың қазіргі өзгеру үрдістері қандай екен? Қазірше бірыңғай пікір жоқ, өйткені бірнеше факторды есепке алуға тура келіп отыр. Климатологтар мен метеорологтардың қазірше бірыңғай пікірлері жоқ, өйткені бірнеше факторды есепке алуға тура келіп отыр. Негізінен әрі қарай жылынады деген пікір басым. Алайда 1911–1930 жж. кезеңіндегі бақылау мәліметтеріне сүйенсек, керісінше қысқа мерзімге суытқанын, содан кейін орташа температураның қайтадан жоғарылауы анықталған [1].

Ғалымдардың берген бағасы бойынша, ХХІ ғасырдағы жылыну соңғы мыңжылдықта ең үлкен жылыну болды, ол Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым және «Климатты өзгерту жөніндегі сарапшылардың үкіметаралық тобының баяндамасында келтірілген (МГЭИК, 2015)» [2].

Түйін сөздер: жер асты сулары, климаттың өзгеруі, суды тұтыну, жасанды толтыру, сулы, инфильтрация.

Кіріспе. UNEP және WWF Ресей мәліметтері бойынша, 1884–1994 жж. кезеңінде Қазақстандағы жалпы орташа жылдық температураның өсуі $1,3^{\circ}\text{C}$ -ты құраған, ал жауын-шашынның жылдық мөлшері 17 мм-ге азайған екен. Олай болса, келтірілген мәліметтерге сәйкес ел аумағының басым бөлігіндегі климаттың құрғауы анықталған.

Климаттың жер асты суларының қалыптасуына тигізетін әсері де мол, өйткені олар грунт сулары және жер бетіне түсетін атмосфералық жауын-шашындармен тікелей байланысты. Қолда бар мәліметтерге сәйкес, ОА көптеген аудандарында жауын-шашын жаууының өзгеріштігі мен қарқындылығы артып отыр. Нөсер жауын құрғақшылық кезеңдерімен ауысатын кездегі бірқалыпсыздықтың уақыт жағынан осылайша өсуінің ОА үшін әсері жағымсыз болуы мүмкін. Ылғалдылық жағдайының мұндай өзгерісі Қазақстанның 60%-ға жуық метеостанциясының мәліметтері арқылы дәлелденген.

Қазақстанның қолайсыз метеорологиялық құбылыстарынан зардап шеккен фермерлік шаруашылықтарға жасалған талдауға сәйкес 2005–2007 жылдар кезеңіндегі республикадағы басты қолайсыз құбылыстар атмосфералық (60% жағдай) және топырақтық (20%) құрғақшылықтар болды. Ауа температурасының артуы айтарлықтай жоғары емес ОА таулы және тау бөктерлерінің жекелеген аймақтарында климаттың құрғауының аздап қана төмендегені туралы айтуға болады [3].

Алдағы уақытта жер асты суларының қорын толтыруды бағалау және болжау мәселелеріне барынша назар аударылмай келді. Су балансының орналасу және ресурстары жағдайларының Қазақстанда жасалған ықтимал су балансының болжамдары жүйелі емес шашыраңқы сипатқа ие, бұл осы сияқты маңызды параметрлердің өзгеруінің басым үрдістері туралы талқылауға мүмкіндік бермейді. Бұл мәселеге баса назар аударатын кез келген сияқты, өйткені климаттың жаһандық өзгеруі Қазақстанның бірқатар құрғақ және жартылай құрғақ өңірлерінде атмосфералық жауын-шашынның төмендеуіне әкеп соқты. Бұл үрдіс алдағы жылдары да жалғасады деген ықтималдылық жоғары.

Екінші жағынан алғанда, климаттың жаһандық жылынуы барлық дерлік ендіктердегі апатты құбылыстардың (апаттардың), дауылдардың, күшті нөсер жауындардың қайталану және таралу ықтималдылығын арттыруы мүмкін, бұл өзендердегі су тасқындарының болуы салдарынан республиканың тау бөктеріндегі және таулы аудандарындағы қолайсыз геодинамикалық процестердің орын алуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Қазақстанмен көршілес елдердегі климаттың өзгеруіне және суды тұтынудың артуына байланысты су ресурстарының айтарлықтай тапшылығы күтілуде, оны ҚР Ауылшаруашылық министрлігі Су ресурстарының комитеті (ҚР АШМ СРК) жылына 10–12 км³ көлемінде (немесе қазіргі таңда елдегі қолданыстағы суды тұтыну тәжірибесі бойынша экономика қажеттілігінің шамамен 50%-ы).

Мысалы, біздің экономикамызда жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) 1 долларына Ресей Федерациясына немесе АҚШ-қа қарағанда 3 есе, Австралияға қарағанда 6 есе су қажет. «Ақбұлақ» мемлекеттік бағдарламасының орындалып жатқанына қарамастан, Қазақстанда су ресурстарына қолжеткізу пайызы әлі де төмен: ҚР халқының 67%-ы ғана таза ауызсуға, 47%-ы су тарту жүйелеріне қол жеткізген, ал дамыған елдерде бұл көрсеткіштер шамамен 100%-ды құрайды.

Шешуді талап ететін тағы бір мәселе – тәулігіне 50 м³ су алуға рұқсат берілген, жеке тоғандары (ұңғыма немесе құдық) бар ұсақ фермерлік шаруашылықтар сияқты жеке суды тұтынушылардың суды тұтынуын есептеу бойынша мәліметтердің дұрыс еместігі болып табылады. 01.01.2014 жылғы жағдай бойынша Инвестициялар және даму министрлігі (ИДМ) Геология және

жер қойнауын пайдалану комитетінің (ГЖК) мәліметтері бойынша Қазақстандағы жер асты суларының жалпы суды тұтынуы жылына 1,1–1,3 км³ құрайды, зерттелген пайдалану қорларының көлемі кезінде жылына – 15,45 км³ құрайды.

Жалпы, жер асты суларын пайдалану қазірге жоғары емес: жылына 1,1–1,3 км³ мөлшері алынса, жылына оның небәрі 0,79 км³ пайдаланылады, оның ішінде шаруашылық-ауызсу мақсаттары үшін жылына – 0,41 км³, өндірістік-техникалық мақсаттар үшін жылына – 0,28 км³, жерді суару үшін жылына – 0,04 км³ жұмсалады. Алматы, Шымкент қалаларында және республиканың басқа да облыстарында жер асты сулары айтарлықтай тиімді пайдаланылады. Ауылдық елді мекендерге келетін болсақ, «Ақбұлақ» бағдарламасына сәйкес 2020 жылға дейін олардың 80%-ы таза ауызсумен қамтамасыз етіледі. Тұрғындар саны 500-ден аз ауылды елді мекендер келесі жылдары қамтамасыз етіледі.

Қазақстан экономикасының аграрлық секторында жер асты суларын пайдалану жалпы алғанда жылдан-жылға өсіп келеді, бұл үнемі суару, ауылшаруашылығын сумен жабдықтау, жайылымды суландыру сияқты құрамдас бөліктердің қарқынды дамуымен байланысты. Болашақта 2010–2015 жж. кезеңінде сала бойынша жер асты суларын пайдалануды өсіру коэффициентін 1,36-ға, яғни 36%-ға дейін арттыру болжалып отыр, 2020 ж. бұл 1,33 құрайды, яғни жер асты суларын пайдалану 2015–2020 жж. тағы 33%-ға артып, жылына 427,45 млн. м³ құрайды.

Бірақатар жылдар бойы (2005–2010 жж. аралығы) жер асты суларын республиканың жалпы жылдық суды тұтыну теңгеріміндегі (пайдалану құрылымы) әртүрлі қажеттіліктерге пайдалану шамасының арақатынасы пайыздық өрнекпен тұрақты түрде өсіп келеді. Жер асты суларының көп мөлшері қалаларды шаруашылық-ауызсумен жабдықтау үшін (31,1–32,6%), әрі қарай өндірістік-техникалық сумен жабдықтау үшін (26,2–30,6%) және ауылдық елді мекендерді сумен қамтамасыз ету үшін (21,4–22,6%) пайдаланылады. Жер асты сулары жайылымдарды суару үшін (6,4–7,9%), басқа да қажеттіліктер (тоған-балық шаруашылығы, жасыл көшеттерді суару, құйылмалы су қоймаларын толтыру және т.б.) мен тұрақты түрде суару үшін (1,0–1,7%) аз мөлшерде пайдаланылған.

2005–2010 жж. жайылымдарды суаруға арналған жер асты суларын пайдалану мөлшері аздап қана ауытқып, жылына 56,9-дан 54,4 млн. м³ дейін құрайды. Алайда 2015 ж. Ауылшаруашылығының мал шаруашылығын қарқынды дамытуға және мал басының айтарлықтай дамуына байланысты жайылымдарды суару үшін жер асты суларын пайдалануды жылына 69,6 млн. м³ дейін, ал 2020 ж. таман жылына 88,9 млн. м³ дейін арттыру болжанып отыр. Мұндағы судың шығыны азғантай және су жинаудың 0,2–0,4%-ынан аспайды.

Суарылатын алқаптар ауданының артуына байланысты ауылшаруашылығы дақылдарын суаруға арналған жер асты суларын пайдалану мөлшері де айтарлықтай артады. Мысалы, 2005–2008 жж. пайдалану жылына 12,9-дан 8,2 млн. м³ құраса, 2010 ж. жылына 11,1 млн. м³ дейін, ал 2015–2020 жж. жылына 12,4–13,5 млн. м³ дейін артады деп күтілуде. 2004–2007 жж. алудың 10,9-дан 6,2%-ына дейін ауытқыған су шығыны 2010 ж. 4,5%-ды құрады, 2015 ж. – 3,8%, ал 2020 ж. – 2,3% болады деп күтілуде. Жалпы айтар болсақ, қазірше Қазақстан экономикасының аграрлық секторында су ресурстарын, оның ішінде жер асты суларын пайдалану қанағаттанарлық жағдайда емес және суды үнемдейтін технологияға өтуді қажет етпейді. Тамшылап суаруды және басқа да әдістерді пайдаланудың дұрыс мысалдары алдағы уақытта бұл мәселенің өз шешімін табатынына кепілдік болып табылады.

Экономика салаларының жер асты суларын ауылшаруашылығына жалпы пайдалануы 30-дан 32%-ға дейінгі мөлшерді құрайды. Болашақта (2015–2020 жж.) экономика салаларының жер асты суларын пайдалануды жалпы арттыруға байланысты оларды шаруашылық ауызсу қажеттіліктеріне (37% дейін) және ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау (23,7% дейін) үшін олардың үлесін арттыру болжалып отыр. Оларды өндірістік-техникалық қажеттіліктерде пайдалану үлесі де аздап төмендейді (25,6% дейін).

Қазақстан Республикасының Үкіметі алдағы жылдары суды пайдалану тиімділігін жақсарту бойынша шаралар кешенін белгіледі. Бұл ең алдымен суарылатын егінді жерлерде суды өнімсіз шығындауды небәрі 20%-ға төмендетеді. Алайда су ресурстарын пайдалануды талдауға және сарапшылардың берген бағасына сәйкес оны орындауға бағытталған нақты іс-әрекеттер өте баяу жасалынып жатыр.

Шекаралас елдердегі ағуды айтарлықтай төмендетуге жол бермеу, қолданыстағы инфрақұрылымды жаңарту және салу есебінен жер асты суларын пайдалануды арттыру, нақты айтар болсақ, ауылшаруашылығының қажеттіліктері үшін, сондай-ақ сумен жабдықтаудың бірнеше балама нұсқаларын қарастыра отырып, болжамды модельдерге негізделі отырып, су ресурстарын жіберуге арналған жаңа инфрақұрылымды салу үшін трансшекаралық сулар бойынша келіссөздер жүргізу процесін дұрыс құрудың арқасында су ресурстарының қолжетімді мөлшерлерін арттыруды жүзеге асыруға болады.

Климаттың өзгеруі және Қазақстанның құрғақ өңірлеріндегі гидрогеологиялық құрылымдардың жер асты суларының ресурстарын жыл сайын толтырудың (нәрлендірудің) табиғи факторларының бұзылуы жағдайында жасанды жолмен толықтыру әдістері бірінші орында тұр. Бұл әдістер барынша әрі жан-жақты әзірленіп, әлемдік гидрогеологиялық әдебиеттердегі көптеген жарияланымдарға ұсынылға [4-15]. Бұл дереккөздер климаты құрғақ елдердегі осы мәселені көтеріп отыр, мұндағы жыл сайынғы атмосфералық жауын-шашын мөлшері жылына 0 мм-ден 500–700 мм-ге дейін өзгеріп отырады. Осы сияқты аумақтар ОА өңірлерінде де кеңінен таралған.

Төменірек өткен ғасырдың 70-80 жылдары У.М. Ахмедсафин атынд. Гидрогеология және геоэкология институтының ғалымдары зерттеген жер асты суларының қорын жасанды түрде толтыру жағдайына тоқталамыз.

Жер асты суларына мақсатты түрде ықпал етудің көптеген әдіс-тәсілдері Гидрогеология және гидрофизика институты ғалымдары ұжымының «Шығару конустарының режимін қалыптастыру, болжау, басқару (Іле Алатауыетегінің негізінде)» атты еңбегінде классификацияланған [16]. Онда ұсынылған классификация жер асты сулары қорын толтырудың көптеген әдістерін қамтиды. Авторлар жер асты сулары режимдерін басқарудың тоғыз санатын бөліп көрсеткен.

Бірінші санатқа теңгерімді суды іріктеу кезіндегі жағдай жатады. Бұл санаттың бірінші тобы механикалық жолмен тартып шығарудың немесе сифон арқылы су жинаудың көмегімен суды мәжбүрлі түрде алумен байланысты. Екінші топ табиғи арын есебінен судың емін-еркін ағуымен байланысты. Мұндай жағдайларда көлденең қашыртқы немесе ұсақ «қарасу» су ағындары арнасының тереңдеуі түріндегі жасанды су құдығының құрылысы пайдаланылады. Әрі қарай авторлар әдістерді пайдалану мақсаттары мен нәтижелерін көрсетіп, практикалық мысалдар келтіреді.

Екінші санат терең емес және терең төмендеу топтары бар жер асты және арынды су деңгейінің кезең-кезеңмен төмендеуімен байланысты. Мұнда шағын топтарға бөлінген: деңгейлерді төмендетуге арналған инесүзгілерінің, көлденең дренаждың және шахталардағы тау жыныстарының кен орындарын құрғату кезінде деңгейлердің айтарлықтай төмендеуі кезіндегі тік дренаждың көмегі. Бұл әдістер әртүрлі құрылыс түрлерінде, жердің сортаңдануы және батпақтануымен күресу, сондай-ақ артезиан бассейндерінің суаруын қолдану кезінде пайдаланылады.

Үшінші санатқа жер асты суларының қорын жасанды жолмен толтыру әдістері жатады. Ол екі топқа бөлінеді: еркін шоғырлану және арынды шоғырлану. Бұл тағы екі шағын топқа бөлінеді: сүзгілейтін жинақтау бассейндерін жасау және айдайтын ұңғымалар мен құдықтарды бұрғылау арқылы. Қазіргі таңда бұл әдіске жер асты суларының қорын жасанды жолмен толтырудың әртүрлі әдістері қамтылған [4-15].

Практикалық гидрогеологиялық зерттеулерге және Іле Алатауы етегінің шығару конустарында шоғырландыру бассейндерін салу арқылы оларды жасанды жолмен қосымша нәрлендірудің жер асты және арынды жер асты суларына тигізетін әсерін болжау мәселелері бойынша әрі қарай модельдеуге тоқталған жөн (Шлыгина В. Ф. бойынша, 1978) [16].

Математикалық модельдеу мәліметтері бойынша Алматы қ. «Сайран» су қоймасы аймағында құмды және қиыршық тасты қалдықтардан түзілген кеңейген өзен аңғарлары бар жерлерде жер асты суларын жасанды жолмен нәрлендіру жағдайы зерттелген. Модельдеу кезінде бес жер белгіленген: «Сайран» су қоймасы, Ақсай өзені аңғарының құмды-қиыршық тасты карьерлері, Есентай өзеніндегі карьер, Қарғалы және Кіші Алматы өзендерінің аңғары. Бұл аймақтар қолданыстағы тоғандардан гипсометриялық жағынан жоғары орналасқан.

«Сайран» су қоймасын толтыру 1978 ж. есептік кезеңнің соңына дейін 1 сек. 0,7 м³/сек (іс жүзінде 1973 ж. 4 м³/сек жетті) белгіленген, басқа орындар бойынша – 1980–2000 жылдар аралығынан бастап әрқайсысында 0,3 м³/сек деп белгіленген. Бұл жерлердегі шоғырланған нәрлендіру мөлшері

шоғырланған бассейндерді тасқын сулармен толтырудың нақты мүмкіндігіне және бассейндердің түбінде түзілетін қалдықтардың сүзгілеу сипаттамаларына қарай анықталған.

Толтыру мөлшері тұрақты түрде белгіленді, бұл бассейндердің сүзгілеу қабілетін бір деңгейде ұстап тұрды. Толтырудың жалпы шығыны 1 сек. $1,9 \text{ м}^3$ құрады. 1978 жылдан бастап 2000 жылға дейінгі кезеңде шығару конустарындағы жер асты сулары деңгейі төмендеуінің мұндай жағдайларында 15–25 м дейін азайғаны белгіленді. Толтыру нүктелері қолданыстағы тоған құрылыстарынан жоғары болса, деңгейдің барынша көтерілуі (25 м және одан жоғары) тоғандардың әсер ету аймағының оңтүстік шекарасымен ұштастырылған. Алайда жалпы алғанда, шығару конустарына бүкіл аудандағы деңгейдің жалпы көтерілуі тән. Оны қалдықтардың су өткізгіштігімен және шоғырлану дөңестерінің жылдам жайылуымен, сондай-ақ толтыру көздерінің шығару конустарының бүкіл ауданында бірқалыпсыз белгіленуімен түсіндіруге болады.

Есептеуге сәйкес шығару конустарындағы $1 \text{ м}^3/\text{сек}$ суды іріктеудің артуы деңгейлерді төмендету жылдамдығын жылына 0,8–1,1 м арттырады. $1,9 \text{ м}^3/\text{сек}$ қолданыстағы суды іріктеу кезінде жер асты суларының қорын жасанды түрде ұлғайту (немесе суды іріктеуді осы шамаға азайту) көтерілуге, ал екінші-жетінші жылы деңгейлерді тұрақтандыруға әкеп соғады. Зерттеулер нәтижесінде шығару конустарындағы жер асты суларын нәрлендіруді жасанды жолмен арттыру 25%-ға дейін екінші-төртінші жылы екінші арынды су тасымалдайтын қабатта пьезометрлік деңгейлерді тұрақтандырады, тіпті, олардың жылына орташа жылдамдығы 0,04 м көтереді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, В.Ф.Шлыгина шығару конустарының жер асты суларының режимін басқару әдістеріне классификация жасаған [16]. Ол 9 санатты бөліп көрсеткен, олар өз кезегінде топтар мен шағын топтарға бөлінеді. Бізді үшінші санат – Жер асты суларын жасанды жолмен толықтыру қызықтырады. Ол екі шағын топқа бөлінеді: емін-еркін шоғырлану (1) және арынды шоғырлану (2). Бірінші (емін-еркін) шоғырлану кезінде қорларды жасанды жолмен толықтыру сүзгілейтін шоғырландыру бассейндерін (су қоймаларын) жасау арқылы іске асады. Екінші, арынды сүзгілеу кезінде ұңғымаға, құдыққа айдау әдістері пайдаланылады.

Нәрлендіруді жасанды жолмен арттыру арқылы жер асты суларының режимі мен ресурстарына әсер ету әдістері үшінші санатқа жатқызылған. Өндіру күштерінің дамуына байланысты суды тұтынудың үздіксіз өсуі нәтижесінде экономиканың көптеген салалары ауызсу және техникалық су тапшылығын сезініп отыр. М. А. Хордикайнен [17] мәліметтеріне сәйкес, мұндай аудандарға РФ Орта және Оңтүстік Орал, Украинаның Донецк бассейні, Орталық және Солтүстік Қазақстан және т.б. жатады. Мұндай аудандарды сумен жабдықтау мәселесі жер асты суларын жасанды жолмен нәрлендіру әдістері арқылы сәтті шешімін табуы мүмкін. Жасанды жолмен толтыру әдісін таңдауда әрбір нақты ауданның гидрогеологиялық жағдайлары маңызды рөл атқарады. Өртүрлі жағдайларда емін-еркін сүзгілеу (бассейн, аумақты су басу және т.б.) әдістері, ал арынды суларды толтыру үшін – айдау әдістері пайдаланылады.

Жер асты суларының қорын жасанды жолмен толтыру процестерін түсінуде гидрогеологиялық жүйелерге (ГГЖ) берілген анықтаманың маңызы зор. Бұл ұғым құрылымдық-геологиялық фактор басым болатын «су тасымалдайтын горизонт», «кешен», «бассейн» сөздеріне берілген анықтамалардан айтарлықтай өзгеше. «Гидрогеологиялық жүйелер» ұғымында гидравликалық факторлар мен генезисі әртүрлі тау жыныстары түріндегі су сыятын коллекторлары бар кіруге болатын ортадағы жер асты суларының қозғалу заңдары басым.

